

«Бекітемін»

ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директоры

Г. Онланбекқызы
«19» _____ 2024 ж.



«Ғарышкерлер күні» республикалық сурет салу байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында «Ғарышкерлер күні» республикалық сурет салу байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын айқындайды.

1.2. Байқау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі – Институт) 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балалардың көркемдік және бейнелеу қабілеттерін дамыту және танымдық қызығушылықтарын ынталандыру.

1.4. Міндеттері:

- балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру, жас дарындарды анықтау;

- балалар мен ересектердің бірлескен шығармашылық қызметіндегі әлеуметтік белсенділікті дамыту;

- патриоттық сезімдерді, өз елінің ғарышты зерттеу саласындағы жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;

- ғарышты игеру тарихына, зымыран техникасына, біздің ғаламның құрылымына деген қызығушылықты ояту.

2. Ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, аудандық бөлімдер, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармалары.

2.2. Байқаудың I және II кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу үшін Ережеде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының байланыс телефондары мен электрондық пошталарын көрсету қажет.

2.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

I кезең – аудандық, қалалық;

II кезең – облыстық;

III кезең – республикалық.

2.4. Өңірлерде Байқау өткізу туралы хабарландыруды аудандардың, қалалардың білім бөлімдері, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармалары бұқаралық ақпарат

құралдарында, Интернет-ресурстарда Байқау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды.

2.5. Байқаудың барлық кезеңдерінде материалдарды бағалау үшін басшылардың бұйрығымен аудан, қала (облыстық, республикалық маңызы бар қала), облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана (құрамы кемінде 7 адам) деңгейінде өңірлік комиссия құрылады.

2.6. Байқау комиссиясы аудандық, қалалық бөлімнің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармасының қызметкерлері, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, білікті педагогтер, әдіскерлер, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т. б. қатарынан құрылады.

2.7. Комиссия мүшелері келесі құқықтарға ие:

- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, жүлделі орындар бермеуге;
- әр номинацияда орындардың қайталануына жол беруге;
- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған материалдарды қарамау;
- Ережеде көрсетілген мерзімнен (2.9.-тармақ) кеш жіберілген материалдарды қарамау.

2.8. Республикалық кезеңнің Байқау комиссиясының қарауына жолданатын материалдар тізімі:

1) Облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) Байқауға қатысу үшін **өтінім** (осы Ереженің 1-қосымшасы);

3) қатысушылардың санын көрсете отырып, II кезеңнің қорытындысы бойынша облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармалары комиссиясының **хаттамасы** (сканерленген көшірмесі);

4) ресімдеуге қойылатын талаптарға және бағалау критерийлеріне сәйкес **фотосуреттер** (осы Ереженің 2-қосымшасы);

2.9. Материалдар «Ғарышкерлер күні» республикалық сурет салу байқауының атауымен **2024 жылдың 08 сәуірінен** кешіктірілмей **i-rrd2021@mail.ru** электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар және шарттары

3.1. Байқау ортаңғы, ересек топтар (1 жеңімпаз) және мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиялардағы) мектепалды сыныптарының (1 жеңімпаз) балалары арасында өткізіледі. Байқау жеңімпаздары әр жас тобы бойынша жеке анықталады.

3.2. Байқауға қатысуға жеке жұмыстармен қатар (бір тәрбиеленуші) топпен жасалған (педагогпен немесе ата-анамен (3 адамға дейін) жұмыстар жіберіледі.

3.3. Жұмыста:

1) баланың жасына сәйкестігі;

2) баланың қызығушылығы және өзін еркін білдіруі;

3) бала мен ересек адамның іс-әрекеті (бірлесіп орындаған кезде) көрсетілуі қажет.

3.4. Өтінім байқау өткізу шеңберінде болашақ қатысушының осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығының, жеке деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

4. Бағалау критерийлері

4.1. Суреттердің орындалу деңгейі келесі критерийлер бойынша 3 балдық жүйе бойынша бағаланады:

- көркемдік шеберлік (суреттің техникасы мен сапасы);
- қиял және дизайнның өзіндік ерекшелігі;
- жұмыс мазмұнының байқау тақырыбына сәйкестігі;
- шығармашылық дизайнның байқауға қатысушының жасына сәйкестігі.

5. Жұмысқа қойылатын талаптар:

5.1. Фотосуреттері төмендегідей талаптарға сай болуы тиіс:

- суреттер қағазда, картонда, витражды пленкада, шыныда, кенепте және басқа да материалдарда кез келген техникада орындалуы мүмкін: акварель, гуашь, көмір, май, қарындаш, тушь және т. б., паспартқа ресімделеді (2-қосымша);

- сурет сапалы болуы керек және JPEG форматында ұсынылуы керек;
- жұмыста қатысушылар туралы ақпарат болуы керек (аты-жөні, жасы, мектепке дейінгі ұйымның атауы) (2-қосымша).

6. Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау

6.1. Комиссия мүшелері байқау жеңімпаздарын келесі жүлделі орындар белгілейді:

I орын;

II орын;

III орын.

Номинациялар:

«Мен ойлаған ғарыш әлемі»;

«Ғарыштың таңғажайып әлемі»;

«Мен ғарышкер боламын!»;

«Ғарыш ғажайыптары».

6.2. Байқаудың республикалық кезеңінің жеңімпаздары Балаларды ерте дамыту институтының дипломдарымен марапатталады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді дайындаған педагогтерге алғыс хаттар беріледі.

6.3. Байқау қорытындылары мен жеңімпаздардың материалдары Институт <http://irrd.kz> сайтында және әлеуметтік желілер парақшасында жарияланады.

Анықтама үшін : 8 (7172) 28-09-50.

_____ облысынан

**«Ғарышкерлер күні» республикалық сурет салу
байқауына қатысу өтінімі**

Білім беру ұйымының толық атауы (МДҰ Жарғысына сәйкес)	
Қатысушы туралы мәлімет (аты- жөні, баланың жасы)	
Қатысушылар саны	
Материалдың тақырыбы	
Педагогтің аты-жөні, тегі	
Жауапты педагогтің байланыс телефоны	

Суреттерді безендіруге қойылатын талаптар

Паспарту жиектерінің ені 5-6 см болатындай етіп ақ (ашық сұр) түсті тұтас жалпақ қағаздан немесе картоннан жасалады. Иілу жолымен паспартуды желімдеуге немесе дайындауға жол берілмейді. Паспарту тек суреттің жоғарғы жағында орналасады және скотчпен немесе қағаз жолақтарын желімдеу арқылы бекітіледі. Суретті үстінен орналастыруға жол берілмейді.

Өлшемі 10 см ден 5 см ге дейінгі этикетка паспартудың төменгі оң жақ бұрышындағы алдыңғы жағына жапсырылады және келесі деректерді қамтиды:

- жұмыс атауы (тырнақшада);
- қатысушының аты-жөні, жасы;
- қала / аудан, облыс, мектепке дейінгі ұйымның атауы;
- педагогтің аты-жөні.

Этикет мәтіні компьютерде теріледі, пішімдеу – ортасында.

«Космонавтар күні» сурет салу байқауы

Алибеков Санжар

Астана қаласы

«Күншуақ» бөбекжай бақшасы

ортаңғы топ

жетекші

Петрова Надежда Викторовна

